




Құттықтаймыз!!!

9



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын сайлау кезінде "Nur Otan" партиясының сайлау науқанына белсенді атсалысқаны үшін, колледж директоры Ж.Н. Сарыбековаға Алғыс жарияланды.



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын сайлау кезінде "Nur Otan" партиясының сайлау науқанына белсенді атсалысқаны үшін, колледж оқытушысы А.Б. Амангелдиеваға Алғыс жарияланды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының" ұйымдастыруымен Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушысы Г.Қ.Септесін "Үздік бейнесабақ" облыстық онлайн-байқауынан 1 орынға ие болып, Дипломмен марапатталды.



Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған "АЙБЫН - 2020" республикалық әскери - патриоттық байқауына белсенді қатысқаны үшін, колледждің 404 - топ студенті Жанерке Алтыбайқызы марапатталды.



"Санкт-Петербург мемлекеттік кино және телевидение" институтының ұйымдастыруымен Жеңістің 75 жылдығына арналған еске алу және Даңқ жылы аясында студенттерге арналған "Адам құқықтары біздің көзімізбен" атты Халықаралық байқауға қатысқаны үшін, колледж студенті А. Анарбековаға Сертификат берілді.



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ҚР «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын педагогтар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Тәуелсіздік туыммен тұғырлы, Елтаңбаммен еңселі» атты Республикалық байқауға қатысып, жеңімпаз атанғаны үшін колледж оқытушысы Н.Б.Бердіш I дәрежелі Дипломмен, төсбелгімен марапатталды. Оқытушы мақаласы «Тәуелсіздік туыммен тұғырлы, Елтаңбаммен еңселі» атты Республикалық материалдар жинағына жарияланды.



01.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Жамбыл Жабаевтың туылғанына 175 жыл толуына орай, "Жүз жасаған бәйтерек" тақырыбында I курс студенттері арасында сурет байқауы өткізілді. Жүлде иегерлері: 1 орын 117 ЕФ-9/20 студенті А. Айдарбаева, 2 орын 114 ЕФ - 9/20 студенті Д. Сәти, 3 орын 106 М-9/20 Қ. Қуандық Дипломмен марапатталды.



25.02.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, I курс студенттері арасында қазақтың ұлттық ойыны «Тоғызқұмалақтан» жарыс өткізілді. Жарыстың қорытындысы бойынша:
I орын – 113 топ студенті А.Әзімбекқызы,
II орын - 103 топ студенті А.Рысқұлбекова,
115 топ студенті С. Нұрсұлтан,
III орын – 107 топ студенті А.Абдин,
113 топ студенті А.Мейірқұл,
116 топ студенті А.Мылтықбай иеленді. Қатысушыларға колледж "Студенттер кәсіподақ ұйымы" атынан грамота мен сыйлықтар тапсырылды.

№6 5 наурыз
2021 жыл жұма

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Жамбыл жоғары медициналық колледжде 85 жыл 1

1 Наурыз - "Алғыс айту" күні 2

8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күні 3

Ж.Жабаевтың 175 жыл мерейтойы 4

Кездесулер 5

Онлайн дәріс 6

Құқық бұзушылықты алдын алу 7

Поэзия кеші 8

Құттықтаулар !!! 9



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <https://hmc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhm_k_zhambyl.kz




№6 5 наурыз 2021 жыл жума

№6 5 наурыз 2021 жыл жума

Жамбыл жоғары медициналық колледжде 85 жыл

1



12.02.2021 ж. Онлайн режимінде Білім мен ғылымның қара шаңырағы – Жамбыл жоғары медициналық колледжінің құрылғанына 85 жылдық мерейтойына «85 жыл: даралық пен даналық жолы» тақырыбында іс-шара өткізілді. Іс шараға колледж ұжымы, ардагерлер, студенттер, түлектер қатысты. Әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова колледж тарихына шолу жасап, колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ұжымды атаулы күнмен құттықтап, колледжге толағай табыстар тіледі. Сонымен қатар, колледж ардагері С.Қ. Қоңырова, түлектеріміз Д.Калибек, Ә.Алимулов құттықтауларын жолдап, соңында колледж Гимні орындалды.

8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні

2



05.03.2021ж. 8 Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне колледж ер азаматтары және №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен "Ана-мәңгілік шуақ төккен ғасырларға" тақырыбында онлайн мерекелік іс-шара өткізілді. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова барлық ақ жаулықты әжелерді, аналарды, қыз-келіншектерді көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, жүрекжарды тілегін арнады.



05.03.2021ж. 8 Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, колледж ардагерлерін ЦӘК оқытушылары құттықтап, жылы ізгі тілектерін білдіріп, сыйлықтар табыстады. Ардагерлер өз ризашылығын білдіріп, рахмет айтты.



07.03.2021 ж. Колледждің белсенді студенттері ұстаздарды және барша әйелдер қауымын шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен құттықтап, ән жолдарын арнады.



04.03.2021 ж «Coworking» орталығында 106 топ студенттерінің қатысуымен «Әйел барда - әлем бар» атты танымдық сағат батыр аналарымыз - Д.Нүрпейісоваға, Ә.Молдағұловаға, К.Ахметоваға, С.Назарбаеваға, С.Байқошқароваға және оқытушылар мен ару қыздарға арналды. Студенттер батыр апаларымыздың өмірбаяны мен еңбектерін баяндады, видео-ролик көрсетіліп, ана туралы ән айтылды. «Әйел барда - әлем бар» атты көрме дайындалды.

1 Наурыз - "Алғыс айту" күні

3



01.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 1-Наурыз "Алғыс айту" күні мерекесіне орай "Бізге алғыс айтуға себеп бар" ұранымен жастар акциясы өткізілді.



01.03.2021 ж. Колледж ұжымы 1 - Наурыз "Алғыс айту" күні мерекесіне орай ҰОС ардагерлері В.В.Колесниченко мен Г.П. Колесниченконы құттықтап, дендеріне саулық, отбасыларына амандық тілеп, ерліктері үшін мың АЛҒЫС айтты!!!



01.03.2021 ж. Колледжде 1 - Наурыз "Алғыс айту" күні мерекесіне орай "Болашақ бүгіннен басталады" тақырыбында, колледждің тәжірибесі мол, ұлағатты ұстаздарға алғыс пен ризашылық білдіріп кездесу ұйымдастырды. Жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, жақсылық жасау мақсатында көпбалалы және тұрмыстық жағдайы төмен отбасыларға арналған "Мейірім" әлеуметтік дүкені ашылды.




01.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 1 Наурыз "Алғыс айту" күніне орай "Жүректен жүрекке" волонтерлар қозғалысының мүшелері "Денсаулық зор - байлық" тақырыбында Тараз қаласы тұрғындарына брошюралар таратып, акция өткізді.



01.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 1 Наурыз "Алғыс айту" күніне орай "Жүректен жүрекке" волонтерлар қозғалысының мүшелері "Денсаулық зор - байлық" тақырыбында Тараз қаласы тұрғындарына брошюралар таратып, акция өткізді.

Онлайн дәріс


4




26.02.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Наркобекет жетекшісі А.Б. Султанаева, Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының психологы Л.Д. Омарова бірлесе отырып, 1 курс студенттер арасында «Салауаттылық – өмір қуанышы. Ішімдік – У! Жас кезінде дұрыс таңдау жаса» тақырыбында онлайн дәріс өткізді.

Кездесулер

5



11.02.2021 ж. Колледждің "Саналы ұрпақ" студенттік клубының ұйымдастыруымен "Адамды адам еткен еңбек" тақырыбында Тараз қаласының беделді жеке кәсіпкерлерімен кездесу өткізілді. Студия қонақтары: А.Алтайұлы, Н.Бейсенбаев болды.



18.02.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Діни экстремизм мен терроризм" тақырыбында курс студенттер арасында кездесу өтті.



20.02.2021ж. "Jas Otan" Жастар қанатының колледж бөлімшесінің белсенділерінің ұйымдастыруымен Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Е.Б. Мадияров "Jas Otan- тұлға қалыптастырушы саяси мектеп" тақырыбында еркін форматта кездесу өткізді.




26.02.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 3-4 курс студенттері арасында "Безгек ауруының алдын алу" тақырыбында маманмен кездесу өтті.



04.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Түберкулез. Түберкулездің алдын алу" тақырыбында фтизиатр дәрігер А.С.Смайловамен кездесу өткізілді.

Ж.Жабаевтың 175 ж. мерейтойы

6



22.02.2021 ж. 2021 жылдың «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында кітапханашылардың ұйымдастыруымен Ж. Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы және ҚР Тәуелсіздігінің мерей тойына арналған «Тәуелсіздігіміздің жылдығына – 30 кітап» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



26.02.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Жамбыл Жабаевтың туылғанына 175 жыл толуына орай "Жүз жасаған жүректен" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

"Құқық бұзушылықты алдын алу"

7



08.02.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ УПИ полиция капитаны А. А. Таңатаровтың қатысуымен «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 1 курс студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



12.02.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ аймақтық инспектор, полиция капитаны С.Е. Убайдуллаев «Қоғамдық көліктерде қалта ұрлығының алдын алу» тақырыбында курс студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



17.02.2021ж. Колледждің "Жүректен жүрекке" волонтерлік қозғалысының мүшелері әр сенбі - жексенбі күндері Төтенше жағдай қызметкерлерімен бірлесе отырып, Тараз қаласы тұрғындарына өрт қауіпсіздігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



26.02.2021ж. Ұлдардың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру, құқық бұзушылыққа бой алдырмау, полиция қызметкерлерінің жұмыстарымен таныстыру мақсатында колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушы, қордағы аға лейтенант Ж.Б.Бегалиев Халық қаһарманы Ғ.Байтасовтың мұражайына барып қайтты. Мұражай басшысы: Г.Зияутдинова Халық қаһарманы Ғ.Байтасовтың ерлігі туралы, қосымша мағлұматтар, бейнероликтер көрсетті.

Поэзия кеші

8



09.02.2021ж. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай, "Әр өлеңі-бір әлем" атты поэзия кеші өтті. Ақын өмірінің ерекше кездерін еске салатын өлеңдер мен әндер айтылды. Ұлы ақынның мерейтойы ерекше аталып өтті.